

2025 жылдың қараша айында Халықаралық ақша аударымдарының жүйелері (бұдан әрі – ХААЖ) арқылы 57,4 млрд. теңгеге 141,9 мың ақша аударымдары жіберілген. 2025 жылдың қазан айымен салыстырғанда ақша аударымдарының саны 9,7%-ға азайса, көлемі 18,1%-ға азайды.

Қазақстанның банктері және «Қазпочта» АҚ өзінің клиенттеріне Золотая корона, Western Union, MoneyGram, сияқты жүйелер және басқа ХААЖ арқылы ақша аудару бойынша қызметтер көрсетеді.

ХААЖ-ны Қазақстан халқы ел аумағында аударымдарды жүргізу және сол сияқты шетелге/шетелден ақша аударымдарын алу/жіберу үшін пайдаланады.

2025 жылдың қараша айында Қазақстан аумағында жүргізілген ақша аударымдарының үлесі ХААЖ арқылы жіберілген ақша аударымдарының жалпы санының 2,6% және жалпы сомасының 3,3% құрайды. Шетелге жіберілген ақша аударымдарының үлесі тиісінше 97,4% және 96,7% құрайды.

## ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ АҚША АУДАРЫМДАРЫ

### ШЕТЕЛГЕ ЖІБЕРІЛГЕН АҚША АУДАРЫМДАРЫ

2025 жылдың қараша айында шетелге ХААЖ арқылы 55,5 млрд. теңге сомаға 138,1 мың транзакция жіберілді. 2025 жылдың қазан айымен салыстырғанда жіберілген ақша аударымдарының саны 9,6%-ға азайса, көлемі 18,4%-ға азайды.

Қазақстаннан шетелге жіберілген ақша көлемі бойынша келесі елдер көш бастап тұр: Ресей – 20,4 млрд. теңге (жалпы соманың үлесі – 36,8%), Өзбекстан – 13,0 млрд. теңге (үлесі – 23,4%), Түркия – 9,9 млрд. теңге (үлесі – 17,9%), Грузия – 3,5 млрд. теңге (үлесі – 6,3%), сондай – ақ Қырғызстан -2,0 млрд.теңге (үлесі-3,7%).

#### *Ақша аударымдарының жүйелері бойынша*

| Жүйе                       | Саны<br>(мың<br>транзакция) | Жалпы<br>сандағы<br>үлесі, %-<br>бен | Сомасы<br>(млн. теңге) | Жалпы<br>сомадағы<br>үлесі, %-бен |
|----------------------------|-----------------------------|--------------------------------------|------------------------|-----------------------------------|
| Золотая Корона             | 125,28                      | 90,7%                                | 45 721,18              | 82,3%                             |
| Вестерн Юнион              | 7,72                        | 5,6%                                 | 6 826,28               | 12,3%                             |
| MONEYGRAM                  | 0,97                        | 0,7%                                 | 1 421,75               | 2,6%                              |
| UPT                        | 1,31                        | 0,9%                                 | 1 192,54               | 2,1%                              |
| Басқа ақша аудару жүйелері | 2,87                        | 2,1%                                 | 379,01                 | 0,7%                              |
| <b>Жалпы жиынтығы</b>      | <b>138,15</b>               | <b>100,0%</b>                        | <b>55 540,77</b>       | <b>100,0%</b>                     |

#### *Елдер бойынша*


| Ел         | Саны<br>(мың<br>транзакция) | Жалпы<br>сандағы<br>үлесі, %-<br>бен | Сомасы<br>(млн. теңге) | Жалпы<br>сомадағы<br>үлесі, %-бен |
|------------|-----------------------------|--------------------------------------|------------------------|-----------------------------------|
| Ресей      | 90,46                       | 65,5%                                | 20 452,31              | 36,8%                             |
| Өзбекстан  | 17,48                       | 12,7%                                | 12 983,00              | 23,4%                             |
| Түркия     | 16,97                       | 12,3%                                | 9 952,79               | 17,9%                             |
| Грузия     | 1,58                        | 1,1%                                 | 3 500,71               | 6,3%                              |
| Қырғызстан | 3,20                        | 2,3%                                 | 2 038,93               | 3,7%                              |
| Қытай      | 1,26                        | 0,9%                                 | 1 641,52               | 3,0%                              |
| Армения    | 0,52                        | 0,4%                                 | 1 222,70               | 2,2%                              |

|                        |               |               |                  |               |
|------------------------|---------------|---------------|------------------|---------------|
| Әзірбайжан             | 0,96          | 0,7%          | 1 161,89         | 2,1%          |
| Тәжікстан              | 1,38          | 1,0%          | 492,13           | 0,9%          |
| Корея Республикасы     | 0,77          | 0,6%          | 439,99           | 0,8%          |
| Басқалар               | 3,58          | 2,6%          | 1 654,79         | 3,0%          |
| <b>Жалпы қорытынды</b> | <b>138,15</b> | <b>100,0%</b> | <b>55 540,77</b> | <b>100,0%</b> |


### ***Валюталар бойынша***

ХААЖ арқылы шетелге жіберілген аударымдардың негізгі үлесі қазақстандық теңгеде (жіберілген аударымдардың жалпы санындағы үлесі 73,2%, жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі 57,0%) және АҚШ долларымен (тиісінше 12,6% және 31,0%) жүргізілді.

**Жіберілген аударымдардың жалпы санындағы үлесі**



**Жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі**



### **ШЕТЕЛДЕН АЛЫНҒАН АҚША АУДАРЫМДАРЫ**

2025 жылдың қараша айында Қазақстанға шетелден ХААЖ арқылы 17,3 млрд. теңге сомаға 43,2 мың ақша аударымдары жүргізілді. 2025 жылдың қазан айымен салыстырғанда шетелден түскен ақша аударымдарының саны 10,4%-ға азайса, көлемі 16,4%-ға азайды.

Шетелден алынған ақша көлемі бойынша келесі елдер көш бастап тұр: Ресей - 4,0 млрд. теңге (жалпы соманың үлесі – 23,0%), Америка Құрама Штаттары – 2,7 млрд. теңге (үлесі – 15,4%), Өзбекстан – 2,1 млрд. теңге (үлесі -12,3%), Түркия – 2,0 млрд. теңге (үлесі – 11,4%), сондай-ақ Германия - 1,3 млрд. теңге (үлесі -7,7%).

### ***Ақша аударымдарының жүйелері бойынша***

| Жүйе                       | Саны (мың транзакция) | Жалпы санындағы үлесі, %-бен | Сума (млн. теңге) | Жалпы сомадағы үлесі, %-бен |
|----------------------------|-----------------------|------------------------------|-------------------|-----------------------------|
| Золотая Корона             | 17,64                 | 40,8%                        | 8 430,36          | 48,7%                       |
| Вестерн Юнион              | 15,79                 | 36,5%                        | 5 728,52          | 33,1%                       |
| MONEYGRAM                  | 7,41                  | 17,2%                        | 2 863,57          | 16,6%                       |
| UPT                        | 0,18                  | 0,4%                         | 66,68             | 0,4%                        |
| Басқа ақша аудару жүйелері | 2,20                  | 5,1%                         | 208,64            | 1,2%                        |
| <b>Жалпы жиынтығы</b>      | <b>43,22</b>          | <b>100,0%</b>                | <b>17 297,77</b>  | <b>100,0%</b>               |


### Елдер бойынша

| Ел                      | Саны<br>(мың<br>транзакция) | Жалпы<br>сандағы үлесі,<br>%-бен | Сомасы<br>(млн.<br>теңге) | Жалпы<br>сосомадағы<br>үлесі, %-бен |
|-------------------------|-----------------------------|----------------------------------|---------------------------|-------------------------------------|
| Ресей                   | 13,56                       | 31,4%                            | 3 974,76                  | 23,0%                               |
| Америка Құрама Штаттары | 6,25                        | 14,5%                            | 2 671,74                  | 15,4%                               |
| Өзбекстан               | 2,62                        | 6,1%                             | 2 131,80                  | 12,3%                               |
| Түркия                  | 4,51                        | 10,4%                            | 1 966,41                  | 11,4%                               |
| Германия                | 6,01                        | 13,9%                            | 1 329,40                  | 7,7%                                |
| Корея Республикасы      | 1,46                        | 3,4%                             | 963,41                    | 5,6%                                |
| Грузия                  | 0,93                        | 2,1%                             | 728,28                    | 4,2%                                |
| Қырғызстан              | 0,81                        | 1,9%                             | 631,31                    | 3,6%                                |
| Әзірбайжан              | 0,38                        | 0,9%                             | 399,34                    | 2,3%                                |
| Франция                 | 0,46                        | 1,1%                             | 227,50                    | 1,3%                                |
| Басқалар                | 6,23                        | 14,4%                            | 2 273,81                  | 13,1%                               |
| <b>Жалпы қорытынды</b>  | <b>43,22</b>                | <b>100,0%</b>                    | <b>17 297,77</b>          | <b>100,0%</b>                       |

### Валюталар бойынша

ХААЖ арқылы шетелден алынған ақша аударымдарының негізгі үлесі АҚШ долларымен (алынған аударымдардың жалпы санының 44,9% және жалпы сомасының 58,6%) және қазақстандық теңге (тиісінше 25,2% және 18,5%) жүргізілді.

Алынған аударымдардың жалпы  
санындағы үлесі



Алынған аударымдардың жалпы  
көлеміндегі үлесі

